

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 856 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 қазанда № 12196 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9922 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 91 (27967), «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 91 (28569) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнында: 51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Халықты және ауыл шаруашылығы малдарын сумен жабдықтау үшін қолданыстағы және жобаланатын шахталық құдықтар мен жер асты суын алуға арналған басқа да құрылыстар оларға радиоактивті жауын-шашындардың, улы заттардың және биологиялық зақымдау құралдарының түсуінен қорғалады.».

2) «Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 66 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10390 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 сәуірде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бейбіт уақытта азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерін қолдану қағидаларда: 3 - тармақта:

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «18) жұмылдырып өрістетуге дайындық және жауынгерлік әзірлікке келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;»;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «24) азаматтық қорғау мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың

міндеттерін шешуге қатысу үшін қолданылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Министрдің шешімі бойынша азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің бөлімшелері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (бұдан әрі – ТЖК) төрағасының жедел бағынысына беріледі.».

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

полиция генерал-полковнигі

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов*